

ҚЫЗМЕТТІК ИТПЕН БІРГЕ – АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ

Мемлекеттік шекара - тәуелсіз елдің тұтастығы мен қауіпсіздігінің нышаны. Шекараны күзету ісінде шекара сақшыларымен бірге сенімді серігі - қызметтік ит те маңызды рөл атқарады. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасы – шекара күзетінің сенімді қалқаны, талай рет шекараны бұзуға талпынғандардың жолына тосқауыл болған сайыпқырандардың ордасы.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасы – жоғары кәсіби деңгейде жабдықталған заманауи талаптарға сай мамандар мен қызметтік иттерден құралған бірегей құрылым. Басқарманың басты мақсаты – мемлекеттік шекараны күзететін кинологтарды даярлау. Оларды тәжірибелік әдістермен машықтандыру және тәжірибелерін арттыру.

Бүгінде Қазақстанның барлық өңіріндегі шекаралық бақылау бөлімдері мен бөлімшелерінде кинологтар қызмет етеді. Кинологтар – қарапайым шекарашы маман емес. Олар – итпен күнделікті байланыс орнатып, оған қамқор болып қана қоймай, бірлесе шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кәсіби мамандар. Әрбір иттің мінезін танып, жағдайын біліп, күнделікті жаттығуын жасатып, қиын сәтте онымен бірге әрекет ету үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Жыл басынан бері аталған

басқармада көлемді шаралар көптеп ұйымдастырылуда. Солардың бір қатарына тоқталсақ, наурыз айында басқарма бастығы подполковник Рүстем Сайдимиров Астана қаласында өткен БҰҰ Халықаралық көші-қон ұйымы, «INL» және «БОМКА-10» бағдарламалары өкілдерімен кинологиялық қызметті жетілдіру, ҰҚК Шекара қызметінің кинолог-мамандарын оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жұмыс кездесуіне қатысты. Сәуір айында басқарма аумағында ҰҚК Шекара қызметінің басшылығымен АҚШ-тың Аризона штаты ұлттық гвардия қолбасшысы бастаған өкілдермен кинология қызметі саласы бойынша жұмыс кездесуі өтті. Сонымен қатар, сәуір айының ортасында басқармаға Ұлыбритания полиция делегациясы қызметтік кинология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру мәселесі бойынша сапармен келді.



Басқармаға халықаралық көші-қон ұйымы өкілдері иттерге арналған ветеринарлық изолятордың іргелес аумағын абаттандыру нәтижелерімен танысу мақсатымен келді.



Мамыр айында басқарма базасында ҚР ҰҚК Шекара қызметі аумақтық бөлімшелерінің қызметтік жануарларды қолдану бойынша офицерлерімен оқу-әдістемелік жиыны өтті. Басқарма аумағында «БОМКА-10» халықаралық бағдарламасымен ұйымдастырылған Орта Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан Республикалары) Шекара қызметі өкілдерінің және ҚР Күштік құрылымдарының (кинолог мамандары арасында жа-



рылғыш заттарды іздеу бойынша жарыс өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша жалпы 376 ұпаймен жеңімпаз болып Қызметтік кинология басқармасының аға нұсқаушысы сержант Ерғабил Құсайынов лақап аты «Сурфат» қызметтік итімен танылды.

Маусым айында басқармада Талдықорған қаласындағы Жоғарғы аграрлық колледжінің кинология факультетінде оқып жатқан студенттеріне қызметтік иттерді үйрету және қолдану әдістері бойынша көрсетілім сабақ пен басқарманың қызметтік іс-әрекетімен танысу жұмыстары ұйымдастырылды.

Басқарманың жас мамандарды тарту, кинологиялық мәдениетті дәріптеу бағытындағы жұмыстары да ерекше. Мектептерде, әскери оқу орындарында патриоттық кездесулер ұйымдастырылып,

жастардың бұл салаға деген қызығушылығын арттыруда.

Кинологиялық қызмет – көзге көп көріне бермейтін, бірақ шекара шебінде күн сайын жауынгерлік қызметпен бетпе-бет келетін маңызды сала. Қызметтік ит пен кинолог – шекараның тыныштығын күзетіп тұрған үндес тандем. «Қызметтік итпен бірге – алдыңғы шепте» дегеніміз – осы бір адалдығы жарасқан қызметке берілген баға.

Ұлт қауіпсіздігі жолында қызметтік кинология саласының маңызы зор. Қазір де, болашақта да, шекара шебінде күзетте кинологтар мен оның төрт аяқты серіктері - еліміздің бейбіт өмірінің күзетшілері болып қала бермек!

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.




ШЕКАРАШЫЛАР
ТЫНЫШТЫҚҚА
СЕНБЕЙДІ...

2



ҮЗДІК ІЗДЕУ
ТОБЫ

5



ШЕКАРА
ШЕБІНДЕГІ
АБЫРОЙЛЫ
МІНДЕТТІҢ
ИЕСІ

8

ШЕКАРАШЫЛАР ТЫНЫШТЫҚҚА СЕНБЕЙДІ...

Күн енді көтеріліп келе жатқанда, біз – лейтенант Мехррон Фазылов бастаған шекара нарядымен бірге оң қапталдағы тауды бетке алып шықтық. Мақсат, көрші қытай елімен арадағы шекараны бөліп жатқан таудың ішін барлап қайту. Ел шебінің тыныштығына көз жеткізу.

Бұл – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қалжат» шекара бөлімшесі болатын. Бізді ел шебіне бастап шыққан офицердің бөлімшеге тағайындалып келгеніне небәрі бірнеше айдың жүзі болған көрінеді. Осыған қарамастан, ұжымның тәрбие жұмыстарына жауап беретін лейтенант М.Фазыловтың жаңа қызметіне кірігіп үлгергені байқалады.

Тарихы XIX-ғасырдың 80-ші жылдарынан басталатын шекара бөлімшесі туралы биылғы мамыр айында қолға тиіп, оқырмандарымызға жол тартқан «Біз – Отанның берік қалқаны» атты деректі кітапта егжей-тегжейлі қалам тербеген болатынбыз. Бәрінен бұрын мұнда шекараның сызатсыздығы үшін күні-түні аттан түспеген саңлақ сардарларымыздың бірі, запастағы полковник Ж. Төлебаевтың ізі сайрап жатыр. Мәскеудегі екінші бірінің қолы жете бермейтін мүйізі қарағайдай әскери оқу орнын бітіріп келе салып, осында жіберілген Жәнібек Қошқарұлының басынан

кешірген оқиғаларының өзінен бір том шығатынына сенімдіміз... Енді міне, осынау аға буын ардагердің ізбасарына айналған лейтенант М.Фазыловпен бірге таңғы тыныштықтың құшағында жатқан шекара бойымен келеміз.

...Алыстан көрші елдің әлдеқандай ғимараттары ағарып көрінеді. «Әр елдің салты басқа, итері қара қасқа» демекші, көзімізге шалынған ғимараттары тұрғай, шекаралық мұнараларының сыртқы тұрқы басқа. Есесіне, бір төбенің басына орнатылған біздің мұнара көзге ыстық болып шалынады... Енді қалай деп едіңіз, әсіресе осы жолдардың авторына 1998 жылдан бері тым етеңе болып кетсе.

Айтпақшы, таң елең-алаңнан шекараға шығып кеткен жалғыз біз емес екенбіз. Бөлімшеден шығып, шекараға апаратын жолдың бойында тұрған шекаралық бақылау-өткізу бекетіне келген бізді артымыздан ауыл тұрғындарының бірі қуып жеткен. Алайда қақпаның ашылғанын пайдаланып, бізбен бірге өтпекші болған азаматтың «бетін» қайтаруға тура келген. Заң талаптарына сай. Әрине, таңғы



салқынды пайдаланып, өзінің егістік даласында өндіріп жұмыс істегісі келгені жөн-ақ. Тек шекара аймағының тәртібі баршаға ортақ. Сондықтан шекарашылар «Бәре-келді, ерте келіпсің», деп қақпаны айқара ашып, өздерімен ерте кеткен жоқ. Қақпаның арғы жағына қалдырды.

...Тау ішімен ұзақ жүрдік. Осы сәттегі сұлулықты тілмен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Тізеден асатын шөптің биыл бітік өскені сонша, екі аяқ жолдың өзін жабуға аз қалыпты. Сосын бұл жақта құлжа деген аң көрінеді. Осының негізінде Құлжаты деп аталып, келе-келе Құлжат – Қолжат – Қал-

жатқа айналған ауылды төменге тастағанымызға біраз уақыт өткен кезде діттеген жерімізге де жеткенбіз.

Міне, енді «Міне, мен Отанымның шетіндемін!» деп айтуға болады. Ал лейтенант М.Фазылов бастаған шекара наряды өздерінің ел шебіндегі қызметтеріне кірісіп кеткен. Айналаны дүрбімен шолып, төңіректе шекарашылардан өзге тіршілік иелері жоқ екеніне көз жеткізген (кім білсін, мүмкін бізді таудың көп қалтарыс-бұлтарыстарының бірінен қасқыр немесе әлдеқандай аң қарап тұрған болар. Тек шекара бұзушы емес). Өйткені, біздің шекарашылар бұған

екібастан жол бермейтінін білеміз...

Обалы нешік, қатардағы жауынгерлер Дильяр Тұрғанов пен Нұрболат Асантайлар да өз міндеттерін мүлтіксіз орындайтын-дардың қатарынан болып шықты. Ашығын айту керек, бір жағынан Шекара қызметінің имиджін көтеруге арналған материалдар үшін шекарашылардың ел шебіндегі қызметтерінен көбірек сурет жинау туралы тапсырма алғанбыз. Осыны ести салысымен, көздері жайнап шыға келген «Күз-2024» шақырылымының сарбаздары да фотоаппараттың алдында тартынып қалған жоқ-ты. Бар өнерлерін салып баққан. Сондықтан біз түсірген суреттерді Шекара қызметінің Әскери-патриоттық қызметі басқармасының баспаханасынан басылып шыққан баспа өнімдерінің беттерінен кездестіріп жатсақ, тауға шығып, тастан-тасқа секірген сарбаздардың да, біздің де ел шебіндегі еңбегіміз ақталды деген сөз...

...Ал бұл кезде шекара бойы тыныштықтың құшағында жатыр еді. Қауіпті тыныштықтың. Өйткені, шекарашылар тыныштыққа сенбейді!



Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫҢ ОРДАСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Ақшоқы» шекара бөлімшесі – шығыстағы мемлекеттік шекараны күзетіп тұрған бөлімшелердің бірі. Ақшоқы ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан бұл бөлімше бүгінде Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы стратегиялық маңызды шепті күзетуде. Қызметкерлердің тынымсыз еңбегі мен жауынгерлік әзірлігі осы өңірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді.

Бөлімшенің тарихына үңілер болсақ, бұл бөлімше бұрыннан бері өзінің жауынгерлік дәстүрлерін сақтап қалған. Әсіресе 2012 жылы шекараны заңсыз кесіп өтпек болған ҚХР азаматын ұстау операциясы – бөлімше кәсібилігінің бір дәлелі. Бұл – шекарашылардың жауапкершілік пен ұйымшылдықты жоғары деңгейде көрсете білген сәті еді. Осы оқиғадан кейін бөлімше мамандары шекаралық қауіп-қатерге қарсы іс-қимылдарын жетілдіре түсті.

Бүгінде «Ақшоқы» шекара бөлімшесінде барлық қажетті инфрақұрылымдар бар: заманауи бақылау жүйелері, қару-жарақ сақтайтын қоймалар, жаттығу залдары, техникаға арналған автотұрақтар мен бақылау-өткізу пункттері жұмыс істейді. Мұндай жағдайлар бөлімше жауынгерлерінің кәсіби тұрғыдан шыңдалуына мол мүмкіндік береді. Қызметкерлер тактикалық және физикалық дайындықтарын үздіксіз жетілдіру арқылы өз міндеттерін жоғары деңгейде орындап жүр.

Шекара бөлімшесінің басты мақсаты – шекараны заңсыз кесіп өту, контрабандалық әрекеттер мен экстремистік бағыттағы әрекеттердің алдын алу. Осы мақсатта шекара бойында бақылау камералары, дрондар, байланыс жүйелері және қызметтік иттер секілді техникалық құралдар кеңінен қолданылады. Бұл әдістер шекарадағы қауіпсіздік деңгейін арттырып, тосын жағдайларда шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бөлімшенің күн тәртібі қатаң бекітілген күн сайынғы жауынгерлік дайындық, қару қолдану жаттығулары, дене шынықтыру және теориялық сабақтар – шекарашылардың шымыр да шыңдалған сарбаз болып қалыптасуына бағытталған. Әскери тәртіпке бағыну мен Отанға адал қызмет ету – әр шекарашының күнделікті қағидасына айналған. Мұндай тәртіп болашақта да бөлімшенің күш-қуатын сақтап қалатыны анық.

Көптеген жылдар бойы бұл бөлімше Кеңес Одағының батыры Г.Ф. Мезенцевтің есімімен аталып келді. Ол 1930 жылы мемлекеттік шекараны қорғау барысында қаза тауып, ерлігімен тарихта қалды. Бұл оқиға бөлімшенің жауынгерлік рухына серпін беріп, қызметкерлерге үлгі боларлық тағылым ретінде қалыптасқан. Әрбір жас сарбаз шекарашының ерлік жолын біліп, Отан алдындағы міндетін мақтанышпен орындайды.

Бүгінде бөлімшеде қызмет ететін офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілер шекара күзетінің үздік дәстүрін жалғастырып келеді. Бөлімше бастығы капитан Әбдірәсіл Нұрхан

Даниярұлы секілді тәжірибелі офицерлер жастарға бағыт-бағдар беріп, шекара қызметінің қыр-сырын үйретуде. Ол Түркістан облысы Сарыағаш ауданында дүниеге келіп, 2017 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітірген. Қызмет жолын қарапайым шекарашыдан бастап, кәсіби біліктілігі мен көшбасшылық қасиетінің арқасында бөлімше бастығына дейін көтерілген. Бөлімше бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар бойынша орынбасары аға лейтенант Жолтай Ерасыл Абайұлы 2001 жылы Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келді. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектепті үздік оқыған ол бала кезінен шекарашы болуды армандап, өз болашағын ел қауіпсіздігімен байланыстырды. 2019 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясына түсіп, 2023 жылы оны абыроймен тәмамдады. Оның басылығыммен Ақшоқы шекара бөлімшесі жас сарбаздарды оқытуда, тәрбиелеуде және ел шекарасын қорғауда үздік үлгі көрсетіп келеді.

Бөлімшеде жұмыс істейтін әскери қызметшілер үшін отбасының қолдауы үлкен рөл атқарады. Қиындығы мен жауапкершілігі мол шекара қызметінде отбасы – тірек әрі рухани күш көзі. Көптеген шекарашылар отбасыларымен бірге қызметтік үйлерде тұрып, ел тыныштығын қорғау жолында бірлікпен еңбек етуде. Бұл өз кезегінде әскери ортадағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға сеп болады.

Қызметкерлердің бос уақыты да назардан тыс қалмайды. Олар спортпен айналысып, бөлімшедегі кітапхана мен мәдени шараларға қатысады. Әр апта сайын өткізілетін командалық жарыстар, патриоттық кездесулер мен әскери өндер байқаулары бөлімшенің рухын арттырып, сарбаздарды ынталандыра түседі. Мұның бәрі ұйымшыл ұжым құрып, бір мақсатқа жұмылуға ықпал етеді.

Бөлімшенің ардагерлерімен байланыс үзілген емес. Зейнетке шыққан шекарашылар мен запастағы офицерлер түрлі кездесулерде тәжірибелерімен бөлісіп, жас сарбаздарға тәлім береді. Бұл – ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, әскери рухты биіктететін маңызды үрдіс. Жастар аға буынның үлгісін көріп, патриоттық тәрбие мен жауынгерлік дәстүрді жалғастырудың маңызын терең түсінеді.

Бөлімше аумағында табиғи жағдайлар да оңай емес. Биік



таулы аймақ, күрделі климат, жазда аптап, қыста қақаған аяз – мұның бәрі шекарашының төзімі мен жауынгерлік дайындығына сынақ. Алайда «Ақшоқы» бөлімшесінің сарбаздары мұндай қиындықтарға қарамастан, шекара шебін абыроймен күзетіп келеді. Олардың адалдығы мен қызметке берілгендігі – шынайы патриотизмнің айғағы.

Жаңа заманның талаптарына сай бөлімше ұдайы жаңарып, цифрлық қауіпсіздік пен заманауи әскери технологияларды меңгеруге ден қоюда. Әскери қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында кәсіби қайта даярлау курстары, білімін жетілдіру семинарлары ұйымдастырылып тұрады. Бұл бөлімшенің жалпы өлеуетін көтеріп, жеке құрамның қабілетін ұдайы дамытуға ықпал етеді.

«Ақшоқы» шекара бөлімшесі шекара шебіндегі қорғаныс қалқаны ғана емес, әскери тәртіп пен Отанға адалдықтың нақты үлгісі болып отыр. Бұл жерде қызмет ететін әрбір сарбаз – ел тыныштығы үшін күресіп жүрген ержүрек жауынгер. Болашақта да бөлімше өзінің жауынгерлік қабілетін дамытып, мемлекеттік шекара күзетінде сенімді тірек бола беретіні анық.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан.

Жетісу облысының шығыс беткейінде, Алатаудың аясында орналасқан Қорғас ауылы – тек географиялық елді мекен ғана емес. Ел шебінің берік қорғаны, шекарашылардың жауынгерлік қызметінің куәгері. Көрші елмен шекаралас аймақ. Халықаралық маңызға ие нүктелердің бірі. Мұнда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қорғас» шекара бөлімшесі орналасқан. Талай жылдан бері мемлекеттік шекарамыздың тыныштығын күзетіп, шекара шебінің шеберлерін тәрбиелеп шығарған алдыңғы қатарлы бөлімшелердің бірі.

Қорғас ауылы 1950 жылдан бастап жүгері ұжымшарының бөлімшесі ретінде ауыл шаруашылығымен танылып келсе, 1997 жылдан бастап мұнда өндірістік кооперативтер мен шаруа қожалықтары құрылып, ауыл жаңа тыныс алды. Алайда бұл мекеннің беделі – оның шекаралық мәртебесінде. Осында орналасқан «Қорғас» шекара бөлімшесі жылдар бойы жүздеген жас шекарашыны баулып, мемлекеттік шекараны қорғауда сан мәрте үздік шықты.

1995 жылдан бері бөлімшеде әр жылдары қызмет еткен 20-ға жуық бөлімше бастығының барлығы әскери ұжымның өркендеуіне өзіндік із қалдырған. Бұл басшылардың әрқайсысы – бөлімшенің күрделі кезеңдері, қиындықтарын еңсеріп, оны заманауи құрылымға айналдыруға үлес қосқандар. Солардың ішінде, әсіресе соңғы жылдары бөлімшені басқарған командирлер шеберлік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті.

Мамыр айынан бері бөлімшеге капитан Нұрсұлтан Саттарханов жетекшілік етеді. Түркістан облысында дүниеге келген шекарашы офицер жастайынан әскери жолды таңдаған. 2019 жылы Академияны тәмамдаған соң, Панфилов ауданының

бірнеше шекара бөлімшесінде түрлі лауазымда қызмет атқарған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Шекара қызметі директорының атынан алғыс хатпен марапатталуы – офицердің ерен еңбегінің дәлелі.

Бөлімше бастығының сенімді серіктерінің бірі – орынбасары аға лейтенант Санат Абеуов. Спортқа, әскери дайындыққа және тәрбиеге ден қойған бұл жас офицер – Академия қабырғасында да, қызметте де белсенділігімен, патриоттық рухымен ерекшеленген.

Ал тәрбие және идеологиялық жұмыстарға жауапты аға лейтенант Бақдәулет Маратұлы да – өз ісінің маманы. Ол еркін күрес пен бокстан халықаралық жарыстардың жүлдегері ғана емес, сонымен қатар шекарашылардың рухани өлеуетін арттыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Бүгінде шекара бөлімшесінде тәртіп пен жауапкершілік, ынтымақ пен патриотизм ұғымдары оның басшылығымен жүзеге асуда.

Бөлімшенің аға нұсқаушысы кіші сержант Аслан Шаяхмет – жергілікті Надек ауылының тумасы. Ол шекара бұзушыларды ұстауда көрсеткен табандылығы үшін 2024 жылғы қорытынды бойынша шекара басқармасында «Үздік аға нұсқаушы» атанды. Қызметтік іздестіру иті – «Саянмен» бірге олар талай құқықбұзушылықтың жолын кесті. Оның қызметі – нағыз кәсібиліктің айғағы.

«Қорғас» шекара бөлімшесі қызметтік міндетін қырағы орындаумен қатар қоғамдық, тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды да белсенді атқарады. Ауылда өткізілетін көкпар, асық ату, қыз қуу секілді ұлттық ойындарға шекарашылар үнемі қатысады. Сонымен қатар, Қорғас орта мектебінде ұйымдастырылған «Жас шекарашы»



үйірмесі – болашақ отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеуде үлкен үлес қосуда.

Ауыл әкімшілігімен бірлесіп тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіледі. Әкім Фабит Қарбаевтың қолдауымен ұйымдастырылған бұл шараларда шекаралық режим, ауылдағы тәртіп пен қауіпсіздік ережелері кеңінен түсіндіріледі.

Қорғас шекара бөлімі тек оқу-жаттығу емес, нақты жауынгерлік іс-қимылдарымен де ерекшеленеді. Соңғы жылдары бөлімше сарбаздары бірнеше мәрте мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстап, заңбұзушылықтың алдын алды. Әсіресе, мамыр айында «Гоби-212Е» дабыл жүйесінен келіп түскен «Қаруға» пәрмені бойынша көтерілген шекара сақшылары шекара бұзушыны қолға түсірді. Аталған

дерек қырағылық пен кәсібиліктің нәтижесі екенін көрсетті.

Бүгінде «Қорғас» шекара бөлімшесі – жай ғана әскери ұжым емес, үлкен әскери отбасы. Ондағы әрбір сарбаз, әрбір офицер – ел тыныштығының тірегі, тәуелсіздік қорғаны. Олардың кәсіби даярлығы, ауызбіршілігі, әскери тәртібі мен батылдығы – жас буынға үлгі. Мемлекеттің ең шеткі нүктесінде қызмет ету – үлкен жауапкершілік, ал бұл сенімге ие болу – әрбір шекарашы үшін мәртебе. Сондықтан да Қорғас шекара бөлімшесі – «шекара шебінің қорғаны» ғана емес, Отанға деген адалдықтың көрінісі!

Журналистер одағының мүшесі
подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН АЙБЫНДЫ БЕКЕТ

Түркістан өңіріндегі шекара шебінде орналасқан «Жібек жолы» шекара бөлімшесі – Мемлекеттік шекараны күзетуде айрықша маңызға ие стратегиялық нысан. Бұрынғы атауы – «Красный водопад» застава-сы болған бұл бөлімше 1999 жылы құрылған. Шекара тарихының жарқын беттерін жазып келе жатқан бұл бөлімше осы уақытқа дейін мыңдаған шекара бұзушыларға тосқауыл қойып, заңсыз тауар айналымына тойтарыс берген. Атауы аңызға айналған «Красный водопад» – өз бастауын шекара бойындағы бейтарап аумақта орналасқан биіктігі 30 метрге жуық сарқырамадан алған. Бұл табиғи нысан екі елдің шекара шебін бөлетін ерекше белгіге айналған. Сол уақыттан бері бөлімше ел тыныштығының қалқаны болып келе жатыр.

2014 жылы заман талабына сай жаңартылған «Жібек жолы» кешенді шекара бөлімшесі салтанатты түрде ашылып, толықтай жеке құрамға қолданысқа берілді. Қазіргі уақытта ол Шекара басқармасының негізгі күштерінің шоғырлану аймағына айналған. Бұл – шекара сызығында заңсыз өтпек болған әрекеттердің жиілігі мен күрделілігін көрсетеді. Бірақ табиғаттың тосын мінезі мен шекара режимін бұзушылардың айла-

амалдарына қарамастан, майор Мұсахан Мади Мұхтарұлының басшылығындағы жеке құрам күндіз-түні қырағылық танытып, Мемлекеттік шекараны кірпік қақпай күзетуде.

Қарсы беттегі Өзбекстан Республикасымен шектесетін 10 шақырымға жуық Мемлекеттік шекара қазіргі таңда заманауи инженерлік құрылғылармен жабдықталған. Барлық шекаралық учаскелерде тосқауылдар орнатылып, шекара нарядтары үшін



тиімді қызмет ету орындары құрылған. Бұл – ел шебін сенімді күзетудегі ұтымды шешімдердің көрінісі.

Бөлімше өз жұмысында жергілікті тұрғындармен де тығыз қарым-қатынас орнатқан. Сарқырама мен Жібек жолы ауылдарының белсенді тұрғындары арасынан құрылған ерікті жасақтар шекара күзетіне зор үлес қосып отыр. Сол жасақтардың жедел хабарлауының арқасында екі бірдей шекара бұзушылық дерегі дер кезінде тоқтатылған. 2025 жылы бөлімше аймағында миграциялық заңнаманы бұзғандарға қатысты 20-дан астам шетел азаматтары әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Мемлекеттің шекарасын қорғау – ұлт болашағын қорғау. Бұл жауапты міндетті адал атқарып келе жатқан «Жібек жолы» шекара бөлімшесінің сарбаздарына мың алғыс!



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.

БІР АДЫМ, БІР СЕНІМ: «БЕСАҒАШ» БӨЛІМШЕСІНІҢ БАҒДАРЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Бесағаш» шекара бөлімшесі жазық даланың шетсіз көкжиегін күзетіп, Жамбыл ауданы аумағындағы отыз сегіз шақырымдық мемлекеттік шекара тыныштығын қамтамасыз етіп келеді. 2000 жылы құрылған бөлімше шекара жасақтары үшін бұл өңірдің ерекшелігі — бір қарағанда момақан көрінетін кең дала әр сәтте таңғаларлық оқиғаларға толы болуы мүмкін. Қар қылаулап, аңызақ жел өзінше әндететін қытымыр қыста да, шаңсорған шілденің аптабы кезінде де сарбаздар қызметінен бір сәт ажырамайды, өйткені әр тал төскей, әр тал топырақ — Отанның аманаты.



шы. Әскери өмірін курсанттан бастап, талай жауапты лауазымдарда шыңдалған офицер бөлімшеге 2023 жылы жетекшілік етуге кіріскен. Ерболат Еркенұлының бастамасымен шекара бойындағы қорғаныс инфрақұрылымы жаңартылып, бейнебақылау жүйелері толық цифрландырылды. Жас сарбаздардың жауынгерлік әзірлігін арттыру үшін кешенді оқу жаттығу бағдарламалары енгізілді. Басшының қатал тәртібімен қатар, адами ықыласы сарбаздарға жігер беріп, ұжымда өзара сенімге негізделген ахуал орныққан. Капитан Ерболат Аталыков үшін «Бесағаш» шекара бөлімшесі — жай ғана қызмет орны емес, Отан алдындағы қасиетті парызын абыроймен өтейтін рухани майдан екені анық.

Жазық даланың мінезін білетін шекарашылар үшін техника мен тактиканың үндестігі ауадай қажет. Бақылау мұнараларындағы бейнекамералардың объективі күндіз түні сарбаздың көзіндей сергек, жылу датчиктері түнгі сұлбаны қалт жібермейді. Шолғынды көліктер, түнгі көру аспаптары, қызметтік иттердің шеберлігі — бәрі біртұтас жүйе

ретінде жұмыс істеп, шекара режимін мінсіз сақтауға көмек береді. Кезекші оператор электрондық картадағы сәл ауытқуды көрген сәтте дала бағытына дабыл тобын жіберіп, бүкпесі бар қозғалыс дереу тоқтатылады.

Қоғаммен байланыс бөлімше қызметінің ажырамас бөлігіне айналған. Мектептердегі әскери патриоттық кездесулерде сарбаздар әскери оқу орындары туралы ақпарат беріп, жасөспірімдерді Отан қорғау рухына баулиды. Осы кездесулерде көрсетілетін деректі бейнеүзінділер мен шекарадағы нақты оқиғалар жыл сайын ондаған бозбаланың шекара қызметіне деген қызығушылығын оятады.

Соңғы жылдары «Бесағаш» шекарашылары ірі көлемдегі малды заңсыз айдап өтпек болған бірнеше топты, бірқатар контрабандалық жүк тиеген көлікті ұстады. Құқық бұзушылықтың алдын алу арқылы мемлекет қазынасына келер зиянның жолы кесілді. Бұл нәтижелер қырағылықтың, кәсіби шеберліктің және заманауи техникалық жарақталудың тікелей жемісі екенін айғақтайды.

Бұл аймақтың тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысқандықтан, кейде заңсыз айдап өтуге тырысатын жылқы мен ірі қараның және тұрмыстық қиындықтан табыс көзін іздегендер контрабандалық

лық тауар өткізуге ұрынатыны да бар. Осындай жағдайларды ескерген «Бесағаш» шекарашысы әр қимылға қырағы, әр белгіге сезімтал, өйткені шекарадан сырғып өтпек болған бір адамың ел тыныштығына селкеу түсіріп

жіберуі мүмкін.

Бөлімше тізгінін ұстаған капитан Аталыков Ерболат Еркенұлы — шекара қызметінің қашаннан қалыптасқан қағидаттарын заманауи талаптармен шебер ұштастыра білген білікті бас-

АҚСУ – ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Күн сайын таң шапағымен қатар оянатын сарбаздар шекара шебіне аттанып, ел тыныштығы үшін қызметке кіріседі. Жол — кейде тік, кейде тайғақ, кейде көрінбейтін қалың тұман ішінде жоғалып кететін іздерден тұрады. Бірақ шекарашы үшін ауа райының, жер бедерінің қиындығы еш кедергі емес. Олардың басты мақсаты — шекара шебінің бүтіндігін сақтау, заңсыз әрекеттердің жолын кесу.

2024 жылдың өзінде бөлімше шекараны заңсыз кесіп өтпек болған бірнеше топты құрықтап, 37 бас ірі қара, 24 бас жылқыны шекарадан заңсыз айдап өтпек болған әрекеттерді тоқтатты. Сонымен қатар тау жоталарында жасырын қойылған спутниктік навигаторлар мен кон-

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Қордай ауданына қарасты «Ақсу» шекара бөлімшесі — таулы аймақта орналасқан стратегиялық маңызы зор шекара бекеттерінің бірі. Бұл бөлімше Алатау сілемдерінің қатпар-қатпар қойнауында, биік жоталар мен терең сайлар ортасында мемлекеттік шекараны күзетіп келеді. Табиғаты қатал, ауа райы тез құбылатын, қолайсыз аймақтағы бұл қызмет тек темірдей төзімді, отансүйгіш азаматтардың ғана еншісіне жазылған.

трабандалық жүктер де анықталып, арнайы органдарға тапсырылды. Бұл — бөлімшенің жылдам қимылы мен кәсіби даярлығының нәтижесі.

Жас жауынгерлер командирдің осы сөздерін өмірлік

ұстанымға айналдырып, әрбір қадамын абай басуға, әрбір қарауылда сергек болуға дағдыланған.

«Ақсу» шекара бөлімшесінде сарбаздар үшін барлық жағдай жасалған. Жатақхана жылы әрі жайлы, асханасы таза және заманауи үлгіде жабдықталған. Медициналық көмек көрсету пункті де бар. Сонымен қатар дене шынықтырумен айналысуға арналған спорт алаңдары мен жаттығу залдары жұмыс істейді. Бөлімше заманауи бақылау құрылғыларымен жабдықталып, әрбір қарауыл бекеті бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Моральдық-психологиялық қолдауды да ұмытпаған жөн. Жамбыл облыстық «Анаға тағзым» орталығы мен «Сарбаз аналарының кеңесі» тұрақты түрде сарбаздармен кездесіп, аналық мейірім, жылы сөз арқылы олардың рухын көтеріп келеді. Әсіресе ұзақ мерзімді тау бекеттерінде жүрген сарбаздар үшін мұндай рухани қолдаулар — үлкен демеу.

«Ақсу» шекара бөлімшесінде қызмет атқару — нағыз мектеп. Бұл жерден өткен әрбір сарбаз тек әскер сапында ысылып қана қоймай, тәртіпке, ел мен жерді қадірлеуді үйреніп, ертеңгі өмірге үлкен дайындықпен аяқ басады. Шекара тыныштығы — ел тыныштығы екенін жүректен түсінген сарбаздар үшін бұл қызмет — абырой мен адалдықтың жолы.

Осындай шекара бөлімшелері арқылы Қазақстан шекарасы берік қорғалып, бейбіт аспан астында болашақ ұрпақ өсіп келеді. Ал шекараның әр тасы мен белесі — сарбаздардың үнсіз ерлігінің куәсі.



Бетті дайындаған капитан
А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің қанаты астындағы «Сәду Шәкіров» шекара бөлімшесі – Меркі тауларының етегінде, бойын шырқау самал тербеген қыратты өңірде орналасқан күзет айлағы. Мұндағы шекара сызығы таулы орманды бедермен астасып, сарбаздардан әрі шыдам, әрі қырағылық талап етеді. Бөлімше құрылған кезде-ақ жергілікті тұрғындар оны «желмен сырлас шеп» деп атаған: себебі биік белдерде ұзаққа созылатын көктемгі желдің тықыры мен самсаған аршаның сыбдыры шекарашыларға тосын дыбыс, әлдебір қимылды алақанға салып жеткізетіндей.

Өңірдің басты ерекшелігі – контрабандалық жолдардың бәрі ирелеңдеген тау соқпақтарына жасырынатыны. Мал айдап өту қиындау, алайда шағын көлемді қымбат тауар, тіпті дәрі-дәрмектің

өзіне сұраныс бар. Сондықтан кез келген салт атты не жүкті шағын көлік күшімен түн жамыла өткелі тұрса, бейнебақылаудың инфрақызыл көзі бірден жарқ етіп, дабыл топты шақырады. Түнгі көру көзілдірігімен қаруланған.

Бөлімше бастығы капитан Әлімхат Еділ Алмасұлы – әскери тәртіп пен адами жылылықты үйлестірген жас та жігерлі офицер. 2024 жылдан бері «Сәду Шәкіров» шекара бөлімшесін басқарып, тау соқпақтарындағы бақылау бекеттерін цифрландыруға және жас сарбаздардың тактикалық машықтарын жетілдіруге баса көңіл бөліп келеді. Оның пәрменді жетекшілігі бөлімше ұжымында бірлік пен сенімді нығайтып, шекара қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтерді.

Бөлімше өмірі таң сыз бергеннен түн жамылғанша тоқтаусыз ағындап жатады. Бозторғай шырылы естіле бастаған шақта кешегі түнгі кезек наряд журналын тапсырып, күндізгі жасақ шепке аттанады. Қарлы қайраң жолда жүріп, асуына көтерілген бақылаушылар шекара бағандарындағы бояу мен белгі-тастарды ширатып, ұялы байланыс тартпайтын тұстарда жергілікті



малшылармен тілдесіп, шекара тәртібін тағы бір пысықтайды.

Жергілікті қоғаммен байланыс та назардан тыс қалмайды: бөлімше сарбаздары ауылдық мектептерге барып, «Таудағы бір күн» атты ашық сабақ өткізіп, оқушыларға шекарашының жабдықтарын қолмен ұстап көруге мүмкіндік береді. Осындай кездесулерде жасөспірімдердің көзіндегі от пен қызығушылық талай

жылға жалғасар сарбаздық жолдың түп тұнық бастауы секілді.

Соңғы екі жылда «Сәду Шәкіров» шекарашылары заңсыз өтпек болған үш топты қолға түсіріп, таудың аңғарында жасырылған контрабандалық жүк тиелген төрт аттың жолын кесті.

Тау бөктерінің үнсіз түнінде шекарашы фонарь сәулесімен қара тасқа жарқ еткізіп, ел шебін тағы бір мәрте бойлап өтеді. Ол

үшін бұл қарапайым жұмыс кестесі емес, халқына ант берген рухани парыз. «Сәду Шәкіров» шекара бөлімшесінің жауынгерлері сол парызды күн сайын жаңартып, тәуелсіздік туын асқар шыңда желбіретіп келеді.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «ОС-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

САЙЫС

ҮЗДІК ІЗДЕУ ТОБЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан, Күршім аудандары бойынша шекара басқармалары мен «Алтай» шекара бөлімінің бөлімшелері арасында шекара күзеті саласында кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында «Үздік іздеу тобы» атты жарыс өткізілді.

Аталған сайыс Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Какенталды» шекара бөлімшесінің аумағында ұйымдастырылып, жарысты департаменттің шекараны күзету бөлімінің консультанты подполковник

М.Саттаров жоғары деңгейде өткізді.

Жарысқа әр басқармадан іріктеліп алынған үздік топтар қатысты. Атап айтқанда: Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасынан аға лейтенант Б. Арман




бастаған топ; Күршім ауданы бойынша шекара басқармасынан – лейтенант Ө. Сатылған жетекшілік еткен команда; «Алтай» шекара бөлімінен – аға лейтенант Е. Тоқсанбаев басқарған із кесу тобы.

Жарыстың басты мақсаты – шекара аумағындағы іздеу жұмыстарында үздік нәтиже көрсеткен топты анықтау, әскери қызметшілердің кәсіби дағдыларын жетілдіру және бөлімшелер арасындағы ынтымақтастықты арттыру болды.

Жарыс барысында әскери қызметшілерге із кесу бағытындағы тапсырмалар беріліп, олар шартты түрде белгіленген мемлекеттік шекара сызығын бұзған тұлғаларды іздеу, ұстау, бағыт бойынша іздеу жұмыстарын жүргізу сынды нақты тәжірибелік әрекеттерді көрсетті. Бұл жаттығулар шекара бұзушыларға жол бермеу, із кесу тәсілдерін тиімді қолдану және командалық өзара іс-қимылды арттыру бағытында ұйымдастырылды.

Тартысты өткен сайыс нәтижесі бойынша аға лейтенант Е. Тоқсанбаев жетекшілік еткен «Алтай» шекара бөлімінің командасы жарыс жеңімпазы атанды. Екінші орынды Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының командасы иеленсе, үшінші орын Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына бұйырды.

Жеңімпаз командаға ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының арнайы кубогы мен



құрмет грамотасы табысталды.

Осындай кәсіби сайыстар шекарашылардың білімін, біліктілігін және шұғыл әрекет ету қабілетін арттырып, мемлекеттік шекараның сенімді қорғалуына зор үлес қосады.



Подполковник
Ғ. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттер шекара
басқармасынан.



НАЙЗА – ШЕКАРАДАҒЫ СЕНІМДІ ҚАЛҚАН

Егемен еліміздің кең байтақ жерінің шекарасын қорғау сіз бен бізге сеніп тапсырылған ұлы міндет. Біздің шекарашылар күн-түн демей ел іргесін күзетіп, қауіпті сәтте тайсалмай, Отан үшін от кешуге даяр тұратын қайсарлықты бойына сіңірген нағыз ерлер. Осынау ұлы борышты абыроймен арқалап, мемлекетіміздің мызғымастығын сақтап қалуға өз үлесін қосып келе жатқан бақылау өткізу бекеттерінің бірі – Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты “Найза” (автомобильдік) шекара бақылау бөлімшесі.

Аталмыш бөлімше Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты өткізу бекеті ретінде 2001 жылдың 3 желтоқсанында құрылды. Орналасқан жері - облыс орталығынан 93 шақырым қашықтықтағы Павлодар облысы Успен ауданы.

Бөлімше қызметкерлері күнделікті қарбалас жұмыс аясында азаматтардың, көлік құралдарының, жүктер мен құжаттардың толыққанды шекаралық бақылаудан өтуін қамтамасыз етеді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында бұл бекет арқылы 29 мыңнан астам азамат пен 14,5 мыңнан астам көлік құралы өткен.


Шекара бөлімшесінде тәртіптің орнауы ең алдымен басшыдан басталады. Осы орайда «Найза» автомобильдік шекара бақылау бөлімшесін басқаратын капитан Болатбек Нұрбол Нұрсұлтанұлының еңбегі мен көшбасшылық қабілеті айрықша атап өтуге тұрарлық. Жас болса да, әскери ұжымға бас-көз болып, шекара шебін мінсіз қорғап келе жатқан офицер бүгінде әріптестері арасында сыйлы, ал басқарып отырған бөлімшесі сенімді. 1995 жылы 8 мамырда Алматы облысы Шелек ауданы Шелек ауылында дүниеге келген Нұрбол 2017 жылы Шекара академиясын табысты аяқтап, ҰҚК Шекара қызметіндегі офицерлік жолын бастаған. Ерекше атап өтетін тағы бір жәйт - Нұрболдың егіздің сыңары болуында. Оның егіз ағасы - капитан Бекболат Айбол да Павлодар облысы бойынша департаменттің «Шарбақты» (теміржол) шекара

бақылау бөлімшесінде қызмет атқаруда.

«Найза» бөлімшесінің басты ерекшелігі – мұндағы жеке құрамның жан-жақты болуында. Әскери қызметшілер тек шекара күзетіп қана қоймай, қоғамдық және мәдени өмірде де белсенділік танытып, шекара қызметінің оң имиджін қалыптастыруға сүбелі үлес қосуда. Мәселен, бақылаушы сержант Саят Көшкінбаев әншілік өнерімен танылып, аудандық, облыстық, тіпті Шекара қызметі аясында ұйымдастырылатын мәдени шараларда белсенді өнер көрсетіп жүр. Сонымен қатар, ол волейболдан өткен облыстық жарыстарда бөлімше намысын қорғап, жүлделі I орынды иеленді.

Бөлімшенің аға нұсқаушысы аға сержант А. Мужук та өз саласының шебері. Ол 2024 жылы Қордайда өткен ведомствоаралық дзюдо жарысында III орынды иеленіп, тамыз айында Павлодар қаласында өткен байқауда «Үздік аға нұсқаушы» номинациясымен марапатталды. Өзінің сенімді серігі – қызметтік ит «Салютпен» бірге бөлімшенің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді.

Бұған қоса, жақында ғана қатарға қосылған жас шека-



рашы – ефрейтор Г. Гребеневич те спортта үлкен нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Армрестлинг пен гир тасын көтеру бойынша өткен жарыста 70 кг салмақ дәрежесінде облыс бойынша II орынды иеленуі соның дәлелі. Әрбір әскери қызметші бөлімшенің мақтанышы. Олар өз қызметімен қатар, азаматтық жауапкершілік пен үлгілі тәртіп көрсетіп, шекара қызметінің абыройын арттыруда.

Шекарашылардың ұдайы қырағылығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында 2024 жылдан бері бөлімше келесідей заңбұзушылықтардың алдын алды: 4 рет қару-жарақ пен оқ-дәрілерді заңсыз тасымалдау әрекеттері; 20-дан астам ҚР және РФ азаматтары әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған; 1 тоннадан астам жанар-жағармай материалдарын елден заңсыз шығарудың 48 әрекеті; жалпы сомасы 100 миллион теңгеден асатын 5 валюта тасымалының жолы көсілді; 9 рет қосарлы мақсаттағы тауарлардың тасымалына тосқауыл қойылды.

Айрықша мысал ретінде, 2024 жылдың 8 қыркүйегінде «көлік құралдары мен жүктерді тексеру» шекара нарядының қырағылығы арқасында аға сержант А. Мужук пен оның қызметтік иті «Салют» бірлесіп, жүк көлігінің ішінен 800 литр есірткі прекурсорларын табуға септігін тигізді.

«Найза» шекара бақылау бөлімшесінің қызметін көзімен көрген әрбір азамат мұндағы тәртіп пен тазалыққа, шекарашылардың жауынгерлік дайындығының жоғары деңгейде екендігіне куә болады.

Бұл – шекарашылардың ғана емес, елдің тыныштығын күзетіп тұрған әрбір азаматтың ортақ абыройы. Осындай сенімді қалқанымыз барда – Тәуелсіз еліміздің іргесі де, шекарасы да берік бола бермек.



Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бақылау бөлімшесінен.

«Қарашатау» бөлімшесінің іргетасы 2001 жылдың 1 тамызында қаланған болатын. Сол күннен бастап, уақыт сынағынан сүрінбей өтіп, бұл бөлімше еліміздің шекарасын адал күзетіп келеді. Темірдей тәртіпке, мызғымас рух пен кәсіби шеберлікке сүйенген бұл ұжым бүгінде шекара қызметінің үздік бөлімшелерінің қатарынан көрініп отыр.

...ШЕКАРАШЫЛАРҒА ҮЛГІ

Бөлімшенің күнделікті қызметі халық көзіне көрінбесе де, ел тағдыры үшін аса маңызды. Мұндағы қызметкерлер тәуліктің әр сағатында, ауа райының қандай қиын жағдайына да мойымай шекараны күзетеді. Олар жаяу да, атты да, көлікпен де шекара бойын бақылайды, заңсыз көші-қонға тосқауыл қойып, контрабанда әрекеттерін әшкерелеп, бекеттегі тәртіпті қадағалап келеді. Бұл — қажыр мен қайратты, кәсіби біліктілікті талап ететін жауапты іс.

Ұжымға жетекшілік ететін капитан Серік Еркемұлы Өміржанов

пен оның орынбасары капитан Шыңғыс Дәулетұлы Нұрқасымов — өз ісінің хас шеберлері, Отанға адал қызмет етуді өмірлік мұрат еткен патриоттар. Олардың басшылығымен бөлімшеде темірдей тәртіпке негізделген, ұйымшыл әрі тиімді жұмыс жүйесі орныққан.

Бөлімше заманауи талаптарға сай техникамен толық қамтамасыз етілген. Мемлекеттік шекараны сенімді, үздіксіз қорғауға арналған құрылғылардың арқасында шекара қызметі қырағылық танытып келеді. Әрбір әскери қызметші өз антына адал болып, Отанын қорғауды өмірінің басты парызы санайды. Отан олардың жүрегінде қасиетті ұғым болып қалыптасқан.

Қызмет барысында бөлімше тек шекараны күзетумен шектелмей, жолаушылармен де сындарлы байланыс орнатып, қоғаммен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Қызметкерлер қайырымдылық шараларына, қоғамдық бастамаларға, ашық есік күндеріне белсене қатысып, халық пен шекара арасында сенімді көпірге айналып отыр.

Әр күн сайын бөлімше арқылы түрлі елден келген

азаматтар өтіп, олардың құжаттары мен көліктері жіті тексеріледі. Бұл жұмыс үлкен қырағылықты, сабыр мен жауапкершілікті талап етеді. Әрбір адамның мінез-құлқы, сөйлеу мәнері әртүрлі болғандықтан, шекарашылардың кәсіби дайындықтары, тез шешім қабылдай білу қабілеттері үнемі шындалып отырады.

Қазіргі таңда бөлімше өз қызметінде бірқатар жарқын жетістіктерге жетіп отыр. 2024 жылдың басынан бері 164 жедел тапсырма орындалып, көші-қон заңнамасының 43 бұзушылығы анықталды. Сонымен қатар, заңсыз қару тасымалының 1 дерегі, 7 тыйым салынған діни әдебиет пен шекарадан заңсыз ақша алып өтудің 4 фактісі тіркелді. Бұл көрсеткіштер ұжымның қырағылығы мен қажырлы еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «Қарашатау» бөлімшесі Ақтөбе облысы бойынша департаменттің үздік үшінші шекаралық бақылау бөлімшесі болып танылды. Бұл мәртебе — шекарашылардың адал қызметінің айқын айғағы.

Бөлімше ұжымы әскери-патриоттық тәрбиеге де баса көңіл бөледі. Мектеп оқушылары мен студенттерге арналған экскур-



сиялар, әскери техникамен таныстыру, сарбаздар өмірінің қыр-сырымен таныстыру арқылы жастардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық борыш сезімін қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

«Бабаларымыздың қалдырған ерлігі мен батырлығы қазіргі шекарашыларға үлгі» деген ұранды басты мақсаты еткен «Қарашатау» шекаралық бақылау бөлімшесі — тек шекараны күзететін қарапайым құрылым ғана емес,

тәуелсіздігіміздің қорғаны, ерліктің символы, патриотизмнің темірқазығы. Осындай адал қызметкерлер мен сенімді ұжым барда. Қазақстанның шекарасы әрдайым берік қалпында сақталып, болашағымыздың жарқын боларына күмән жоқ.



Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ҰЗДІГІ

Мемлекеттік шекараны қорғау ел шебінде қарумен күзетте тұрумен қатар шекаралық тәртіп пен заңдылықтың бұлжымас сақшысы болуды да талап етеді. Осы жауапты қызметтің бір тармағын шекарадан өтуші азаматтардың құқықтық тәртібін қамтамасыз ететін бақылаушылар атқарады. Солардың бірі – Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің әкімшілік іс жүргізу тобының бақылаушысы, ефрейтор Исатай Нұрланұлы Құралбаев.

Исатай 1995 жылдың 21 қарашасында Түркістан облысы Төле би ауданы Леңгір қаласында дүниеге келген. Бала күнінен тәртіп пен білімге бейім болған жас жеткіншек мектеп қабырғасында үздік оқып, өмір жолын саналы жоспарлауға тырысты. 2017 жылы Шымкент университетінің заң факультетін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдап, кейіннен екінші жоғары білімін де осы оқу ордасынан «Спорт және туризм» мамандығы бойынша алды. Дзюдо спортынан республикалық жарыстарда жүлделі орындар иеленген Исатай білімімен қоса, спортты да қатар алып жүрді.

Алғашында оның Шекара қызметіне келуіне себепкер болған, бұрын Павлодар облысы бойынша департаментінде қызмет атқарған жездесі болды. Оның



бағыт-бағдарымен 2022 жылдың қазан айында ефрейтор И.Құралбаев әскери салаға аяқ басып, дәл осы департаменттің «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінде бақылаушы ретінде қызмет жолын бастады. Аз ғана уақыт-



тың ішінде өзінің іскерлігімен, ұқыптылығымен және заңды терең меңгерген маман ретіндегі қабілетімен көзге түсті.

Қызмет барысында Исатай Құралбаевтың басты міндеті – шекаралық бақылау кезінде анықталған құқықбұзушылықтарды тіркеп, әкімшілік хаттама толтыру және азаматтарды заң аясында жауапкершілікке тарту. Сонымен қатар, ол шекарадан өту ережелерін бұзған тұлғаларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын да жүргізеді.

2024 жылда атқарылған жұмыс нәтижелері де аз болған жоқ. Атап айтқанда, жыл ішінде көші-қон заңнамасын бұзу бойынша 478 құқықбұзушылық тіркеліп, оның 93-і сотқа жолданған, 145

азаматқа айыппұл салынып, 240 тұлғаға ескерту берілген. Сонымен қатар, 28 контрабандалық жағдай мен 5 қару-жарақтың заңсыз өткізілуінің жолы кесілді. Бұл нақты көрсеткіштер шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қажырлы еңбектің көрінісі. Осы еңбекқорлығы мен табандылығының дәлелі ретінде, Исатай 2 жыл қатарынан Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты шекаралық бөлімшелер арасында үздік әкімшілік іс жүргізуші маман ретінде марапатталды.

2024 жыл Исатайдың кәсіби деңгейінің өрлеуімен қоса жеке өмірінде де жарқын сәттерге толы болды деуге болады. Себебі жылдың басында шаңырақ



көтеріп, жылдың соңында тұңғыш қызы дүниеге келді. Ол бос уақытында отбасымен серуендеп, кішкентай қызына көп көңіл бөлуге тырысады.

Жас та болса әскери ұжымда сыйлы, басшылықтың сенімінен шығып үлгерген, білімі мен біліктілігі мол заңгер ретінде әріптестеріне құқықтық кеңес беріп, кәсіби көмек көрсетуге де әрдайым дайын.

Ефрейтор Исатай Құралбаев – шекара тәртібін бұлжытпай орындайтын, заңды ұлықтайтын, ел тыныштығы жолында аянбай еңбек етіп жүрген шекарашы. Осындай кәсіби мамандарымыз тұрғанда шекарамыз – берік, болашағымыз – нық бола бермек.

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».
Суреттер шекаралық бақылау бөлімшесінен.

СПЕЦИАЛИСТ

ВЕРЕН ДОЛГУ И ОТЧИЗНЕ

Старший сержант Сабыржан Жунусов родился 30 августа 1982 года в селе Жамбыл Кызыл-турского района Северо-Казахстанской области. Родная земля воспитала в нем лучшие качества казахстанского воина – трудолюбие, честность, уважение к традициям и любовь к Отчизне. После окончания Аграрно-сельскохозяйственного колледжа в городе Кокшетау в 2002 году он прошел службу в воинской части 6636 г. Астаны, где укрепился в своем выборе – посвятить жизнь защите Государственной границы.

С 2006 года Сабыржан Турсинович несет службу в рядах Пограничной службы. На протяжении многих лет он занимает должность старшины пограничного отделения «Босағаш» – одного из удаленных и ответственных участков, где каждый день требуется собранность, надежность и профессиональный подход.

В современных условиях старшина пограничного подразделения выполняет не только хозяйственно-административные функции, но и играет ключевую роль в обеспечении устойчивой работы всего отделения. Под его руководством было проделано немало: организовано четкое материально-техническое снабжение, усовершенствована работа по техническому обслуживанию и содержанию помещений,

налажен учет и контроль имущества, а главное – поддерживается внутренний порядок и высокая исполнительская дисциплина.

Он обеспечивает координацию всех бытовых и тыловых процессов, контролирует соблюдение распорядка, следит за состоянием вооружения, обмундирования и техники. Его внимание к деталям позволяет подразделению функционировать без сбоев в любое время года. В холодный сезон – бесперебойное отопление, своевременная доставка топлива, слаженная работа котельного оборудования. В летний период – поддержание санитарного состояния территории, организация ремонта и восстановления инфраструктуры, взаимодействие с местными службами.

Особое внимание Сабыржан Турсинович уделяет созданию здорового морально-психологического климата в коллективе. Благодаря его авторитету, опыту и уважительному отношению к личному составу, в подразделении сложилась рабочая атмосфера, основанная на взаимопомощи, четкости и ответственности.

Пограничник не просто военный, но и пример заботливого мужа и отца. Его надежным тылом всегда была и остается супруга Гульнур Нургазина. Вместе они воспитывают четверых детей: сыновей – Арлана, Алмата и Амира, а также дочь – Дину. В этой семье царят уважение, взаимопонимание и патриотизм. Дети гордятся отцом и с интересом перенимают его ценности и принципы.

За многолетний добросовестный труд и вклад в развитие приграничного района старший сержант С. Жунусов был награжден Почетной грамотой акима Кокшетау-Скельского района. Награда была вручена 25 октября – в День Республики, как



признание его не только профессиональных заслуг, но и общественной активности.



Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».
Фото из личного архива
С. ЖУНУСОВА.



ЖЕТІ ТІЛ БІЛЕТІН САРБАЗ...

Жеті тіл болғанда... Алматы қаласында туып-өссе де өзінің ана тілінде мүлтіксіз сөйлейтін ол тағы орыс, ағылшын, қытай, түрік, кәріс және жапонша ағып тұр. Фажап емес пе, жеті тіл білетін сарбаз бізде – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Нарынқол» шекара бөлімшесінде қызмет етеді. Дәлірегі, ол атқаратын қызметі күрделі саналатын шекара бөлімшесінде ел шебін қалай күзетудің қыры мен сырын үйрену үстінде.



Бұл – қатардағы жауынгер Құдайбергенов Санжар Азаматұлы. Жоғары білімді. Бокстан спорт шеберлігіне үміткер. Бұл жағынан жеткен жетістігі де аз емес. Түрік елінің Измир қаласындағы университетті бітірген. Ал тіл білетіні... Айтпақшы, Нарынқол өңірінде тым болмаса екі-үш емес, бақандай жеті тілді білетін сарбаз бар екенін естіп, елең ете қалған бізде аяқ астынан бір ой қылаң ете қалған... Сосын сымша тартылған тұлғасы жас жігіттің спортшы екенінен хабар беріп тұрған Санжарды «Нарынқол» шекара бөлімшесінің саптық алаңына шығардық та, өзін жеті тілде таныстыруын сұрадық. Жас шекарашы іркілген жоқ. Алдымен, «Сәлем! Менің атым Санжар! Мен шекарашымын!» деген ол осыны орыс,

ағылшын, қытай, түрік, кәріс және жапон тілдерінде қайталап айтып шықты.

...Білесіз бе, құрметті оқырман! Ол өзінің жеті тілді жетік білетінін көрсетті. Әсіресе, қытай және жапон, кәріс тілдерінде сөйлеп бергенде біздің алдымызда Санжар – кәдімді қазақтың қара домалақ баласы емес, сол елдердің азаматтары тұрғандай күй кешкеніміз бар емес пе?! Сосын «Жә!» дедік те, өзімен сұхбаттасуға кірістік.

– Санжар, жарайсың! Сен бізді таңғалдырдың! – дедік біз. Шынымызды айтсақ, Шекара қызметінде бірнеше тіл білетін сарбаздар бар болса да саусақпен санарлық. Онда да ағылшын, қытай, түрік тілдерін білуі мүмкін. Онда да мұндай азаматтар шекаралық бақылау басқармаларында қызмет етеді. Ал сен ағылшын, қытай, түрік тілдерімен бірге жапон, кәріс-ше де білесің! Мен сені мақтаныш етемін!

Ал енді өзің шекарашылар сапына қалай келдің? Тек алдымен осыншама тілдерді білуіңнің түп-төркінін түсіндірсең.

– Рахмет, тілші ханым! Негізі, әу баста мен мектептен кейін біздің алып көршіміз Қытай мемлекетінде оқығым келді. Бұл үшін жатпай-тұрмай, сол елдің тілін үйренуге қатты кірісіп кеттім. Сөйтіп, екі жылда үйрендім. Алайда Аспанастаны елінде жоғары білім алу бұйырмады да, мен ата-анамның қолдауымен Түрік елінің Измир

қаласындағы өзім таңдаған жоғары оқу орнына түсіп кеттім. Ал мұнда сабақтардың 60 пайызы ағылшынша, қалған 40 пайызы – түрік тілінде өтті.

Ал енді мен кәріс тілін қайдан білемін? Менің сүйікті анамның анасы – менің әжемнің ұлты кәріс. Сондықтан, мен үшін бұл тілді үйрену оншалықты қиынға түскен жоқ. Жапон тілін де өзім үшін үйрендім. Ал әскер қатарына университетті бітіргеніме бірнеше ай өткенде алындым. Онда да өз қалауыммен. Неге? Өйткені, мен мектеп қабырғасында қосымша спортпен айналысқандықтан болар, әскерге барсам, десанттық-шабуылдау әскерлеріне немесе Шекара қызметіне барамын дейтінмін. Міне өзіңіз көргендей, шекарашы атандым...

Осылай деп ағынан жарылған Санжармен әңгіме үстінде көп нәрсені білдік. Дегенмен, ойлана келе, бұл туралы газеттің немесе журналдың алдағы нөмірлерінің бірінде егжей-тегжейлі жазуды жөн көрген жайымыз бар. Ең басты мақсат, Алматы облысы бойынша департаментінің жеке құрамы арасында жеті тілді жетік меңгерген шекарашы сарбаз бар екенін паш ету болатын. Паш еттік де!

Иә, ел шебінде кім жүргенін білесіз бе?!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

МАМАН

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТТІҢ ИЕСІ

Шекараны жанымен де, жүрегімен де қорғап жүрген азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты «Ақсақал» шекара бөлімшесінің аға нұсқаушысы кіші сержант Мұратов Олжас Рашидұлы. Әскери салада мол тәжірибе жинап, жауапты қызметтің жүгін абыроймен арқалап, кәсіби біліктілігімен көзге түсіп жүрген азаматтың өмір жолы – табандылық пен тәртіптің, еңбек пен ерік-жігердің үлгісі.



Олжас Рашидұлы 1997 жылы 12 ақпанда бұрынғы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Балалық шағы нағашыларының тәрбиесінде өтті. Орта білімін 2004–2015 жылдар аралығында қазіргі Абай облысы Аягөз ауданына қарасты Бидайық ауылындағы «Мұқатай Әбеулов» атындағы мектепте алып шықты.

Мектепті тәмамдаған соң Семей қаласындағы «Мұхтар Әуезов» атындағы педагогикалық колледжде «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алды. Колледж қабырғасында жүргенде-ақ болашақ жолын ел қорғау қызметімен байланыстыруға бел байлады. 2018 жылы оқуын аяқтаған соң,

өзі қалауымен әскерге аттанып, бұрынғы 2534 әскери бөлім – Шонжы шекара бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеді.

Әскери міндетін өтеу барысында қызметтік иттердің нұсқаушысы ретінде дайындықтан өтіп, Меркулов шекара бөлімшесінде табысты қызмет атқарды. Бұл кезең – жас жігіттің шекарашы мамандығына шындап бет бұруына негіз болған уақыт еді.

2019 жылы мерзімді әскери қызметі біткен бойда 2034 әскери бөліміне жұмысқа орналасып, шекара қызметін кәсіби бағытта жалғастырды. Алғашында радиолокациялық станцияның операторы болып еңбек етіп, 2021 жылдан бері «Ақсақал» шекара бөлімшесінде аға нұсқаушы лауазымында қызмет атқарып келеді. Олжастың әскери ұқыптылығы мен жауапкершілікке деген көзқарасы жас сарбаздар үшін өнеге боларлықтай.

Мұратов Олжас Рашидұлы – отбасы құндылығын жоғары қоятын азамат. Үйелмелі-сүйелмелі отбасында өскен, әпкесі Мұрат Орынтай Рашидқызы тұрмыста, анасы Сабыржанова Гүлмира Ақанқызы – жалғызбасты ана ретінде қос баласын ешкімнен кем қылмай тәрбиелеген ардақты жан. Ұлының әскери салада жетістікке жетуіне ана мейірімі мен тәрбиесі үлкен ықпал етті.

2022 жылы отбасын құрған Олжас қазіргі таңда екі қыздың әкесі. Жұбайы Далелбекова Жаңылсын Оразбекқызы – Аягөздегі «Төлеутай Аманов» атындағы мектепте музыка пәнінің мұғалімі. Қазіргі таңда бала күтімі бойынша демалыста. Үлкен қыздары Айсана 2023 жылы 17 тамызда, ал кенже қыздары Зейне 2025 жылы 26 сәуірде дүниеге келген.

Әріптестері арасында сыйлы Олжас Рашидұлы өз жұмысына аса мұқият қарайды. Әрбір бұйрық пен талапты бұлжытпай орындап, бөлімшедегі тәртіп пен дайындық сапасының артуына өз үлесін қосып жүр. Ол сарбаздарға әскери дайындық қана емес, рухани-адамгершілік тәрбие

беру жағынан да белсенділік танытуда.

Аға нұсқаушы ретінде оның басты міндеті – жас сарбаздардың әскери машығын қалыптастыру, оларды күрделі жағдайларда шешім қабылдауға бейімдеу. Олжастың сабырлы мінезі мен жанашырлық қасиеті сарбаздармен жұмыс істеуге өте тиімді екендігін көрсетіп отыр.

Оның қызметі шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Ол өңірдегі әскери-патриоттық тәрбиелеу шараларына да атсалысып, мектептер мен жастар ұйымдарымен бірлескен іс-шараларға белсенді қатысады. Бұл оның қоғамдағы азаматтық белсенділігін де танытады.

Кіші сержант О.Мұратовтың әскери жолындағы табыстары үшін бірнеше мәрте алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталғанын айта кету керек. Басшылық тарапынан үлгілі тәртібі мен қызметтік жетістіктері үшін лайықты баға алып келеді.

Ең бастысы – Олжас секілді еліне адал қызмет етуді мақсаты санайтын шекарашылардың арқасында еліміздің мемлекеттік шекарасы сенімді қорғалып отыр. Мұндай азаматтардың ерік-жігері мен кәсіби шеберлігі – Шекара қызметінің болашақ іргетасы іспеттес.

Олжас Рашидұлы – бұл күнде шекара тыныштығы мен ел амандығы жолында өз ісіне адалдықпен қарап, ел алдындағы парызын абыроймен орындап келе жатқан азамат. Оның өмірлік ұстанымы – «Ел үшін еңбек ету – ерге лайық іс!» деген бір ауыз сөзге сыйып тұр.

**Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Суреттер шекара басқармасынан.**

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР



2025 жылдың 5-6 шілдесі күндері Берел ауылында аудан әкімдігі мен «EL Sport» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Qaton Qaragai Trail - 2025» жарысы екінші рет өткізілді.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда», - демекші әрбір сайыстың өз жеңімпазы болары анық. Бұл шараның басты демеушісі «Kar Minerals» тобы. Іс – шараның серіктестері қатарында Н.Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақ спорт және туризм академиясы мен Pit Food бренді болды.

Ауқымды додаға Астана, Алматы, Павлодар, Семей, Өскемен, Атырау, Қарағанды, Құлсары, Самар, Күршім, Шульбинск және Катон – Қарағай өңірінен келген желаяқтар қатысты.

Қатысушылар 3 шақырым, 10 және 20 шақырым қашықтықта бақ сынасты. Өз қатарларының алды болып, топ жарып келген «Өрел» шекара бөлімшесі бастығының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лейтенант Өркен Бейбітбекұлы Сатылғанды ерекше атап өтпесек болмас. Ол 20 шақырым қашықтықты 1 сағат 30 минут 28 секундта еңсерді. Бұл тау бөктерінде орналасқан «Өрел» шекара бөлімшесінің спорттық жетістіктерінің айқын дәлелінің бірі ғана.

Бойларына таудан рух алып, Катон – Қарағайдың жайға жайлы ауасы мен ауыл ішінен әрбір азамат жеңімпаз болуға лайық екенін көрсете білді. Бұл жеңіс өзі қызмет ететін «Өрел» шекара бөлімшесінде әскери міндетін атқарып жүрген әр сарбазға үлгі, жігер, рух берері сөзсіз. Алдыңғы буын ағалар жеңіс тұғырынан көрініп жатса, кейінгі буын інілерге керемет үлгі емес пе?!

Жеңісін құтты болсын, Өркен! Өркенің өсе берсін, шығар биігін заңғар болғай!

Подполковник **Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».**
Сурет шекара басқармасынан.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

Шекара қызметі – тәртіп пен дәлдікке негізделген ерекше құрылым. Бұл салада әрбір қадам, әрбір құжат маңызды. Шекара қызметіне жұмысқа орналасуға келген кезде ең алғаш жүздесетін әскери қызметкер – кадр маманы. Себебі сіздің қызметке жарамдылығыңыз, құжаттарыңыздың толықтығы мен дұрыстығы осы мамандардың бақылауынан өтеді.



Бүгінгі кейіпкеріміз – дәл осындай жауапты қызмет атқарып жүрген Сәрсенбаев Құдырет. Ол Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тұмасы. 2007 жылдан бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметінде абыройлы еңбек етіп келеді. Қызмет жолын 2019 әскери бөлімінің коменданттық ротасында бастаған ол жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен жауынгерлік тәртібімен танылып, 2021 жылдан бастап тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінде жауапты маман ретінде жұмыс атқарып келеді. Өзінің кәсіби шеберлігімен және адалдығымен ерекшеленетін шекара қызметінің нағыз мықты маманы. Ол әрқашан жауапкершілікті жоғары деңгейде қабылдап, жұмысына тиянақты қарауымен өзгелерге үлгі көрсетеді. Қиын жағдайларда да салмақты шешім қабылдап, өз ісіне деген шынайы махаббатын дәлелдеді. Оның жігері мен табандылығы, кәсіби дайындығы шекара қызметінің сенімді тірегі екенін көрсетеді. Құдыреттің әріптестері оның адалдығын, әділдігін және әрдайым көмектесуге дайын екенін жоғары бағалайды. Оның еңбегі мен үлесі ұжымның рухын көтеріп, қызмет сапасын арттыруға үлкен серпін беріп келеді.

Сәрсенбаев Құдырет – өз ісіне адал, тиянақты, қызметке жаңадан келетін кандидаттарға дұрыс бағыт берушісі. Ол – Шекара қызметінің сапалы кадрлық құрамын қалыптастыру жолында тер төгіп жүрген майталман маман. Қызметкерлердің құжаттық тәртібін сақтауға, олардың заңға сай қабылдануына үлкен үлес қосып келеді.

Қызмет барысындағы байыпты шешімдері мен адал еңбегі жас буынға үлгі болары сөзсіз. Осындай жауапты мамандардың арқасында еліміздің шекарасы ғана емес, кадрлық негізі де мықты қалыптасып келеді.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

МАМАН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Семей шекара басқармасына қарасты «Ауыл» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімінде қызмет ететін бақылаушы – кіші сержант Асаубаев Айдын Советханович еліміздің мемлекеттік шекарасының сенімді қорғаушыларының бірі. Өнегелі өмір жолы мен қажырлы еңбегі арқылы ол жас шекарашыларға үлгі боларлық маман.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ЖҮРЕКТЕН БАСТАЛАДЫ



Асаубаев Айдын Советханович 1989 жылдың 11 наурызында бұрынғы Семей облысының Жарма ауданындағы Георгиевка (қазіргі Калбатау) ауылында дүниеге келген. Бала кезінен еңбекқорлық пен табандылықты бойына сіңірген ол 1995-2006 жылдар аралығында Семей қаласындағы №41 орта мектепте білім алды. Мектеп қабырғасынан бастап тәртіп пен Отанға деген сүйіспеншілікті ту еткен Айдын білімін одан әрі Қазақ Гуманитарлық Заң Инновациялық Университетінде (Семей қаласы) жалғастырды. Ол бұл жоғары оқу орнын 2010 жылы сәтті аяқтап, азаматтық борышына кірісті.

Өз еңбек жолын 2011 жылы Жезкент ШББ бөлімшесінде бастап, 2013 жылға дейін сол жерде абыройлы қызмет атқарды. 2013 жылдан бастап «Ауыл» (теміржол) бақылау бөлімінде, ал 2020 жылдан бері «Ауыл» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімінде бақылаушы ретінде өзіне жүктелген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен орындап келеді. Ұдайы тәртіп пен кәсібилікті талап ететін қызметте ол шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіндік үлкен үлесін қосуда.

Айдын Советханович – тек білікті шекарашы ғана емес, сонымен қатар бақытты отбасының тірегі. Қазіргі уақытта ол Семей қаласында тұрады. 2013 жылы Асаубаева Арайлым Төлеуқызымен отау

құрған. Бүгінде олар төрт бірдей сүйкімді перзентті тәрбиелеп отыр: тұңғыштары Айназ, ұлы Амирхан, сондай-ақ кіші қыздары Томирис және Алуана. Отбасы – оның күш-қуатының, шекара қызметіндегі адал еңбегінің тірегі.

Қызметте болсын, отбасында болсын, Асаубаев Айдын Советханович әрқашан жауапкершілік пен адалдықты бірінші орынға қояды. Оның ұстанымы: «Шекараның тыныштығы – халықтың тыныштығы». Қай жерде болмасын, ол өз Отанына адал қызмет етуді, туған жердің шекарасын қорғауды үлкен мәртебе санайды.

Айдын Советханович қызмет еткен жылдары бірнеше мәрте басшылық тарапынан алғыс хаттармен, грамоталармен марапатталған. Бұл оның шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне сіңірген ерен еңбегінің дәлелі. Оның өз ісіне деген адалдығы мен табандылығы әріптестері арасында үлкен құрметке ие.

«Бейбіт өмірдің шекарасы – сақшының сергектігінде» деген сөзді өмірлік қағида-сына айналдырған Айдын Советханович күн сайын шекарада күзетте тұрып, Отан алдындағы парызын абыроймен өтеп келеді. Оның әрбір қызметтік күні – Қазақстанның тыныштығы мен тәуелсіздігін қорғауға бағытталған қажырлы еңбек.

Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТКЕН АЗАМАТ

Халық тыныштығы мен ел шекарасының амандығы — мемлекеттіліктің мызғымас негізі. Осындай жауапты міндетті арқалап, адал қызметімен елге үлгі болып жүрген жандардың бірі — Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының қызметкері Жандаров Марат Жақсыбекұлы.

Ол 1974 жылы 25 қарашада Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Жайлыбаев ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекқорлық пен отансүйгіштік қасиетті бойына сіңірген Марат аға 1991 жылы №4 орта мектепті бітіріп, алғашқы еңбек жолын көлік жүргізуші болып бастады. 1991-2007 жылдар аралығында осы салада еңбек етіп, төзімділік пен жауапкершілік мектебінен өтті.

2009 жылдың 9 наурызында Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасына қызметкер ретінде қабылданып, бүгінгі күнге дейін ел шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келеді. 16 жылдық шекарадағы тәжірибесі — бұл саланың қыр-сырын жетік меңгерген маман екенін дәлелдейді.

Жеке өмірінде де Марат Жақсыбекұлы — өнегелі әке, сүйікті жар. Әйелі Рысқұл Сағындыққызы — отбасылық тірліктің ұйытқысы. Бес баланың әкесі, ұрпағына үлгі боларлық тәрбиенің негізін



қалаған. Ұлдары Ниязбек, Дидар, Елдос, Рамазан және Асылжан — әрқайсысы өз жолын тауып, әке жолын қуған адал азаматтар болып өсіп келеді. Әсіресе Ниязбек Мақаншыдағы Шекара қызметінде еңбек етіп, отан алдындағы борышын абыроймен атқаруда.

Жандаровтар әулеті — бұл жай

ғана отбасы емес, бұл мемлекетке қызмет етуді өмірлік мұрат еткен ұлтжанды ұрпақтың ұясы. Марат Жақсыбекұлының өмірі — жас сарбаздар мен азаматтар үшін нағыз өнеге.

Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ

Даму мен үнемі қимыл-қозғалысқа толы әлемде өз жұмысы көзге көрінбейтін, бірақ соған қарамастан аса маңызды міндеттерді атқаратын адамдар бар. Олардың қатарында — шекарашылардың қызметтік бөлмелерін тазалаушы, шаруашылық қамтамасыз ету тобының қызметшілері де бар.

Сондай еңбекқор, өз ісіне адал адамдардың бірі — Абельдиева Ольга Анатольевна. Ол 1996 жылдың 26 ақпанында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Жайсан ауылында дүниеге келген. 2002–2011 жылдар аралығында орта білім алып, кейін 2011–2014 жылдары Жайсан ауылындағы Әлия Молдағұлова атындағы колледжде «Электронды есептеуш машиналар» мамандығы бойынша білімін жалғастырды.

Өз өмірлік жолын отбасылық бақытпен ұштастырып, 2014 жылы тұрмысқа шықты. Музыка

тыңдауды сүйетін, жүрегі мейірімге толы ол 2018 жылдың қазан айынан бастап ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімінде қызмет атқарып келеді.

Ольга үшін тазалық — жай ғана тәртіп емес, ол адамдардың көңіл-күйі мен жұмыс қабілетіне тікелей ықпал ететін жайлы ортаның кепілі. «Адамдар таза бөлмеде қызметтерін орындағанда олардың көңілдері көтеріңкі болады, таза ауамен демалып,

жұмысқа ынтасы артады. Мен соған өз үлесімді қосып жүргеніме қуаныштымын», — дейді ол.

Әр таңды жылы күлкімен қарсы алып, әріптестеріне жақсы көңіл-күй сыйлайтын Ольга бәрін лауазымдарына сай тиісті атауларымен атап, олардың хал-жағдайын сұрап жүреді. Оның мейірімділігі мен жауапкершілігі бөлім мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Әріптестері оны тек еңбексүйгіштігі үшін ғана емес, адамгершілігі үшін де құрметтейді.

Ольга Анатольевна бөлім қабырғасында талай оқиғаның куәсі болды. Ол бөлім басшыларының ауысқанын, жаңа жетістіктер мен мәртебелі сәттерді көрді. Әрбір маңызды күн мен ұмытылмас сәт оның есінде.

Бірінші күннен бастап өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, әр бұрыштың жарқырап тұруын қамтамасыз етіп келе жатқан Ольга Анатольевна — ұжымның рухын көтеретін, жан дүниесі бай, шынайы кәсіби маман. Бәрі біледі, дәл осындай адамдардың арқасында ғана шекара қызметі әрдайым тазалық пен тәртіптің үлгісін көрсете алады.

Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.



Адам өмірінің мәні — адал еңбекпен елге қызмет ету болса, сол жолда бір мамандыққа бар өмірін арнаған жандардың еңбегі әрқашан құрметке лайық. Сондай жандардың бірі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы шекара басқармасының білікті аспазшысы Оксана Валиева.

АСПАЗДЫҚҚА ДА ЖОМАРТ ЖҮРЕК КЕРЕК

Оксана Александровна Алакөл ауданына қарасты Үшарал ауылының тумасы. Кішкентай күнінен қарапайым еңбек пен тағам әзірлеудің қыр-сырын отбасынан үйреніп өскен Оксана мектеп бітірген соң өзі туып өскен ауылдағы кәсіптік-техникалық училищесінде аспазшы мамандығы бойынша білім алады. Болашағын осы салаға арнауға шешім қабылдайды.

Оксана Валиева еңбек жолын Үшарал қаласындағы 2484 әскери бөлімінде бастайды. Алғашында киім-кешекпен қамтамасыз ету бөліміне қарасты монша мен кір жуу комбинатында еңбек еткен жас маман он жыл бойы осы бөлімде адал қызмет атқарады. Одан кейінгі алты жылын нан пісіру цехында өткізеді. Сол жерден өз кәсіби тәжірибесін ұштап, тағам дайындаудың қиындығы мен жауапкершілігін жете түсінді.

Бірнеше жылдық тәжірибеден кейін жұмысын әскери бөлімнің

беру», — дейді Оксана. Ол алғаш қызметке орналасқанда әскер қатарында Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан келген сарбаздар болғанын, әрқайсының талғамы, мінезі әр түрлі екенін еске алады. Сол кездің де өзіндік қиындықтары болғанымен, тағам арқылы бәрінің көңілінен шығу — үлкен жауапкершілік пен шеберлікті талап ететін іс еді.

Оксана Валиева — жастарға тәлім беруден жалықпайтын нағыз тәлімгер. Әрбір тағамның дәмі мен сапасына үлкен мән беріп, жастарға тек аспаздық әдіс-тәсілді емес, жұмысқа деген көзқарасты, адалдықты, еңбекқорлықты үйретеді. «Жұмыстың жаманы болмайды. Ниетпен, ықыласпен атқарсаң — еңбегіңнің қайтарымы мол болады», — деп жиі қайталайды.

Аспаз болу — тек кәсіп емес. Бұл — адамға деген жанашырлық, күн сайын жүздеген сарбаздың алғысын арқалау, от-



асханасында жалғастырады. Содан бері 28 жылдан аса уақыт аспазшы болып қызмет атқарып келеді. Уақытпен бірге тәжірибе жинап, түрлі сынақтардан өткен ол бүгінде білікті маман, кәсіби шебер.

Оксананың жұбайы — Рафаэль Валиев те еңбек жолын осы әскери бөлімнен бастап, қазіргі күнге дейін қызметін жалғастыруда. Бұл отбасы тек бір мекемеге қызмет етумен ғана емес, өзара сыйластықпен, бір мамандыққа деген адалдықпен үлгі бола алатын жандар.

Олардың қызы Руфина Валиева да анасының жолын жалғастырып, бүгінде аспазшы-кондитер болып еңбек етуде. Бұл бір әулеттің кәсіпті мұра етіп жалғастыруының нақты көрінісі.

«Аспаз болу — жай ғана тағам дайындау емес, сарбаздарға анасының қолынан шыққандай дәм мен жылулық

басынан алып жүрген жастарға жомарт жүрекпен тағам дайындап, оларға қуаныш сыйлау. Оның әрбір пісірген тағамынан осы жауапкершіліктен шыққаны сезіледі.

Оксана Валиева — өз ісіне адал, кәсібіне берілген, тағам әзірлеудің барлық қыр-сырын меңгерген үздік маман. Оның тағамы сарбаздарға тек ас емес, туған үйдің дәміндей ыстық. Еңбегімен елеулі, болмысымен көркем, ұрпағына үлгі бола алатын аның өмір жолы — жас мамандар үшін тағылымды сабақ.

Осындай қарапайым, бірақ қажырлы еңбектің иесі саналатын Оксанадай жандар — нағыз Отан қорғаушыларының рухани тірегі, ел ішіндегі бейбіт өмірдің де, шекарадағы тыныштықтың да дәмін кіргізіп жүрген шын аспаздар!

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ШЕКАРА ШЕЖІРЕСІ – ҚҰНДЫ МҰРА

Бүгінгі таңда біз тәуелсіз, егемен елде өмір сүріп отырмыз. Бірақ бұл еркіндік пен тыныштық тек бүгінгі күні ғана пайда болған құндылық емес. Оның ар жағында ғасырлар бойы күреспен келген тарих, қанмен қорғалған шекара және осы шекараны күзеткен талай буын ерлердің жанқиярлық ерлігі жатыр. Сондықтан да біз, бүгінгі ұрпақ, өткенді ұмытпауымыз керек. Өйткені тарих – тек естелік емес, ол – сабақ, ол – ұрпақтар сабақтастығының негізі, ол – болашаққа бағдар. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі үшін маңызды күндердің бірі – 13 шілде болып саналады. Бұл күн – шекара қызметінің тарихын жинақтап, зерделеу ісінің бастауы ретінде ерекше мәнге ие.

1923 жылдың 13 шілдесінде Кеңес Одағының Мемлекеттік саяси басқармасы (ГПУ) №408 бұйрығын шығарып, шекара бөлімдерінің қызметтік және жауынгерлік әрекеттері туралы тарихи очерктерді жазуды ресми түрде тапсырды. Бұл бұйрық – жай ғана ведомстволық нұсқаулық емес, бұл – кейінгі ұрпаққа шекара қызметінің өткен жолын нақты, құжаттық түрде жеткізуге бағытталған маңызды стратегиялық шешім болды. Жиналған мәліметтер кейін арнайы тарихи формулярлар деп аталатын құжаттардың негізіне айналды. Осылайша, Кеңес Одағы кезеңіндегі шекара әскерлерінің қызметі жүйелі түрде хатталып, олардың батырлығы мен тәжірибесі мемлекеттік деңгейде құнды мұра ретінде сақтала бастады.

1933 жылы арнайы қабылданған «Шекара күзеті бөлімдері мен құрамаларының тарихи формулярлары туралы ереже»

шекара бөлімшелерінің тарихи шежіресін жүргізу ісін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Бұл ережеге сәйкес, әрбір әскери құрылым өз тарихын жүйелі түрде жинақтап, оны құжаттық негізде жүргізуге міндетті болды. Осы кезеңнен бастап, шекара қызметі тек қауіпсіздік пен тәртіптің кепілі ғана емес, сонымен қатар тарихи сана қалыптастыратын құрылымға айналды.

1930-жылдары шекара күзеті тарихына арналған алғашқы ғылыми еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектер Кеңес Одағы шекара әскерлерінің құрылуы, қызметтік ерекшеліктері мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі туралы алғашқы теориялық әрі тәжірибелік зерттеулер болды. Бұл зерттеулер тек архивтік құжаттарға сүйеніп қана қоймай, сол кезеңдегі офицерлер мен сарбаздардың естеліктері негізінде жазылды. Нәтижесінде, бұл еңбектер шекарашылар арасында патриоттық



рухты көтеріп, болашақ шекара сақшылары үшін тәрбие құралына айналды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде, яғни 1940-жылдардың екінші жартысы мен 1950-жылдары, аймақтық шекара округтерінің тарихы мен қызметі, шекара бұзушылармен күреске арналған ғылыми-тәжірибелік еңбектер кең көлемде жазыла бастады. Бұл еңбектерде әрбір өңірдің ерекшелігі, шекараны қорғау тәсілдері, техникалық құралдардың дамуы және жергілікті халықпен бірлескен жұмыс тәжірибесі сипатталды. Осы кезеңдегі зерттеулер шекара әскерлерінің тек әскери құрылым

ғана емес, сонымен қатар стратегиялық және әлеуметтік институт ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетті.

1950-жылдардың екінші жартысынан бастап, мемлекеттік шекараны нығайту және оны қорғауды ұйымдастыру мәселелері кәсіби ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Кеңестік әскери тарихшылар мен саясаттанушылар бұл тақырыпқа терең үңіліп, шекара қызметінің құқықтық, әкімшілік және әскери аспектілерін кешенді түрде талдады. Бұл зерттеулер кеңестік қауіпсіздік доктринасының ажырамас бөлігіне айналып, мемлекеттік шекараның халықа-

ралық деңгейдегі маңызын ашып көрсетті.

Осы тарихи процестердің барлығы бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі үшін де үлкен маңызға ие. Егемен еліміздің шекарашылары өз саласының тарихи тамырын терең түсініп, оны зерттеу мен зерделеуді жалғастыруда. Өйткені әрбір шекарашы үшін өз кәсібінің тарихын білу – бұл тек кәсіби этика ғана емес, бұл – азаматтық борыш. Мемлекеттік шекара – мемлекеттіліктің басты белгісі болса, оны қорғау – ұлттық қауіпсіздіктің басты шарты. Ал шекарашылардың өткен жолын білу – болашаққа сеніммен қараудың кепілі.

Сол себепті біз 13 шілде сияқты тарихи даталарды естен шығармай, арнайы іздеп, зерттеп, ұрпақ санасына сіңіруіміз керек. Бұл – тарих алдындағы, шекараны қорғап өткен аға буын алдындағы және ең бастысы – болашақ ұрпақ алдындағы біздің парызымыз.

Биылғы 18 тамыз – Шекарашылар күні қарсаңында біз тағы да осы шындықты еске саламыз: шекараны сақтау – мемлекетті сақтау, ал тарихты сақтау – ұлттың жадын сақтау.



Журналистер одағының мүшесі, подполковник Ж. КЕМЕЛ, «ОС-ЧР». Сурет ғаламтордан.

ПРОФИЛАКТИКА

БЕРЕГИ ЗДОРОВЬЕ – ЗНАЙ ПРО ГЕПАТИТ

Служба на государственной границе требует от военнослужащих отличной физической подготовки, выносливости и ответственности. Однако никакая подготовка не может быть полной без заботы о здоровье. Одним из опасных и недооцениваемых рисков остаются вирусные гепатиты – инфекции, поражающие печень и способные привести к серьезным последствиям.

К сожалению, приходится признать, что многие военнослужащие до сих пор пренебрегают элементарными правилами профилактики и не придают должного внимания риску заражения вирусными гепатитами. Кто-то считает, что болезнь обойдет стороной, кто-то – что достаточно просто не чувствовать симптомов. Но гепатит может протекать скрытно, и человек сам того не зная становится источником инфекции.

Давайте разберемся, что такое вирусные гепатиты и какую опасность они представляют для здоровья военнослужащих.

Вирусные гепатиты – группа инфекционных заболеваний, характеризующихся преимущественным поражением печени. Главным признакам и особенностям вирусные гепатиты можно разделить на две группы. Гепатитам А и Е могут заразиться через воду, пищу, в результате бытовых контактов. Для гепатитов В, С, D характерна так называемая парентеральная передача вируса – через поврежденную кожу, слизистые с инфицированной кровью.

Гепатит А и Е – вирусные болезни печени, которые считаются одним из наиболее устойчивых к воздействию внешней среды и хорошо сохраняется в ней. В большинстве случаев гепатит А и Е независимо от тяжести течения заканчивается полным выздоровлением функции печени. Переход острого гепатита в хронический не наблюдается.

При проявлении таких симптомов как слабость, усталость, тошнота, рвота, боль в правом боку, темная моча, кал светлый, пожелтевшие глаза незамедлительно обратитесь

к медицинской помощи.

Профилактика Гепатита А и Е:

- всегда следует мыть руки перед и после еды, при приготовлении пищи, после посещения мест общественного пользования;


- овощи, фрукты, ягоды тщательно мыть с мылом и ополаскивать водой;

- воду для питья из неизвестного источника всегда употреблять только кипяченую;

Гепатит В – это воспалительное поражение печени, вызываемое вирусом В. Передача вируса возможна при тесных бытовых контактах: бритвенными принадлежностями, зубными щетками, мочалками, при переливании крови, стоматологической помощи.

На ранних стадиях симптомы могут быть незаметны. Иногда появляется слабость, температура боль в животе, Желтизна кожи и глаза. Но болезнь может развиваться и без явных признаков, разрушая печень изнутри.

Гепатит С – это вирус, который также поражает печень. Он чаще всего передается через кровь. Болезнь часто протекает без симптомов, поздно обнаруживается, может привести к циррозу или раку печени. От него нет вакцины. Передача вируса возможна при использовании чужих бритв, ножниц, щеток, при оказании первой медицинской помощи



без перчаток.

Профилактика Гепатита В и С:

- Вакцинация – самый надежный способ (только при гепатите В);

- Личная гигиена – не пользоваться чужими предметами, особенно теми, на которых может быть кровь;

- Соблюдать осторожность при оказании первой медицинской помощи – надевать перчатки при контакте с кровью.

Майор м/с Ұ. АХАТ. Военно-медицинский отдел ДПС КНБ по Мангистауской области.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.

Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi_rodina@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев

Редактор: Азамат Муханов

Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдос Кирғизбаев, Диас Жамұхамбетов.

Меншікті тілшілер:

Алматы – Тамара Дәулетбаева

Атырау – Бауыржан Қожантай

Ақтау – Асхат Жаналипов

Ақтөбе – Жасұлан Шармаков

Талдықорған – Манарбек Қарекенов

Жамбыл – Асыллан Жексенбин

Шымкент – Рауан Асадилов

Қызылорда – Әкімжан Төлебай

Өскемен – Ғалымжан Бакетов

Семей – Ердос Қайртай

Петропавл – Динара Утебаева

Павлодар – Гүлзада Садықова

Қостанай – Нұрасыл Сакен

Орал – Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі,

Аян Қайыр, Диас Куанышев, Айзат Нукешов.

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Нұрхан Кабдулов

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Немірдің кезекші редакторлары:

О.Жақсылықов, А.Кирғизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. **Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.** Газет "ОС-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана. «Имприм» ЖШС баспаханасында басылды. Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

КӨНЕ МЕН КЕЛЕШЕКТІ ЖАЛҒАҒАН АРНА

Сырдария – Орта Азиядағы ең ірі және көне өзендердің бірі. Оның тарихы сонау көне замандардан басталады. Ертеде бұл өзен «Яксарт» деп аталып, Ескендір Зұлқарнайын әскері осы дарияны кесіп өткен деген аңыздар бар. Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда-саттық, мәдениет пен өркениет Сыр бойында өркендеді. Дарияның бойында ежелгі Отырар, Сығанақ, Жанкент сияқты қалалар орналасып, ислам мәдениетінің, ғылым мен әдебиеттің алтын бесігіне айналды. Сыр өңірі – тарихы терең, табиғаты ерекше өлкелердің бірі. Бұл аймақтың тіршілік өзегі, қашаннан бері елдің ырысы мен берекесінің бастауы – Сырдария өзені. Ерте замандардан бері Сырдария бойын мекендеген халықтар осы дарияның бойында егін егіп, мал өргізіп, өмір сүрген.



Сырдария – Орта Азиядағы ең ұзын өзендердің бірі. Оның ұзындығы 2 212 шақырымға созылып, Қызылорда облысын толықтай кесіп өтеді. Дария Қазақстанға Өзбекстан аумағынан келіп, Арал теңізіне құяды. Ертеде халық оны «Жаңадария», «Қарадария», «Сейхун» деп те атаған. Бұл өзен тек су көзі ғана емес, сонымен қатар, Сыр бойындағы мәдениет пен өркениеттің дамуына жол ашқан.

не құяды. Ертеде халық оны «Жаңадария», «Қарадария», «Сейхун» деп те атаған. Бұл өзен тек су көзі ғана емес, сонымен қатар, Сыр бойындағы мәдениет пен өркениеттің дамуына жол ашқан.

Сырдарияның ерекшелігі – шөлейтті жерлерді кесіп өтіп, тіршілік атаулыға жан бітіретін жалғыз табиғи көз болуы. Қызылорда облысында егіншіліктің, оның ішінде күріш өсірудің негізгі көзі – осы өзен. Облыс халқының басым бөлігі дария суына тәуелді, тіршілігі соған байланған.

Бұл өзен – ежелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде де белгілі.

Қазіргі таңда Сырдария өзенін сақтау – үлкен міндет. Климат-

тың өзгеруі, су көлемінің азаюы, Арал мәселесі – дарияның болашағына әсер ететін факторлар. Сол себепті, су қорын тиімді пайдалану, суды үнемдеу және табиғи экожүйені сақтау – әрбір азаматтың парызы.

Сырдария – тек өзен емес, ол – Сыр халқының жаны. Ол – Сыр бойының тіршілігі мен рухының символы. Дарияны сақтау – болашақ ұрпаққа аманат!

Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер ғаламтор желісінен.



ЖИ арқылы жасалған «Болашақ Шекарашы» тақырыбындағы сурет.
Қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.